



Өңірлердегі инфляциялық үрдістер

Қараша 2024

Жылдық инфляция 2024 жылғы қарашада 8,4%-ға дейін баяулады (қазанда – 8,5%). Азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы өсуі тиісінше 5,4%-ға дейін (қазанда – 4,9%) және 8,0% дейін (қазанда – 7,8%) жеделдеді, ал ақылы көрсетілетін қызметтің бағасы өсуі 13,3%-ға дейін (қазанда – 14,3%) баяулады.

Өңірлер бойынша жылдық инфляция 10 өңірде жеделдеді, 9 өңірде баяулап, 1 өңірде өзгеріссіз қалды. Жылдық инфляция жалпы республикалық деңгейден жоғары 10 өңірде қалыптасты. Инфляцияның ең жоғары мәні Астана қаласында (10,3%) тіркелді.

1-сурет. Өңірлердегі жылдық инфляция (2023 қараша – 2024 қараша), %-бен

Астана қ.	9,2 ————— 10,3
Маңғыстау	10,4 ————— 9,4
Солтүстік Қазақстан	11,0 ————— 9,4
Абай	9,7 ————— 9,3
Алматы қ.	10,5 ————— 9,0
Батыс Қазақстан	10,1 ————— 9,0
Шығыс Қазақстан	10,5 ————— 8,9
Қарағанды	11,6 ————— 8,9
Ақмола	11,2 ————— 8,8
Атырау	9,7 ————— 8,8

Жетісу	10,7 ————— 8,4
Қазақстан Республикасы	10,3 ————— 8,4
Ақтөбе	10,3 ————— 8,3
Қызылорда	9,7 ————— 8,0
Павлодар	10,4 ————— 7,8
Шымкент қ.	9,2 ————— 7,7
Қостанай	10,4 ————— 7,6
Түркістан	11,0 ————— 7,6
Ұлытау	11,2 ————— 6,9
Алматы	8,4 ————— 6,5
Жамбыл	10,7 ————— 6,3

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

Қазақстанда азық-түлік тауарлары Жетісу облысында (7,9%), Алматы қаласында (7,4%), Маңғыстау және Шығыс Қазақстан (6,4%-дан), Ақмола (6,3%), Солтүстік Қазақстан (6,2%), Атырау және Батыс Қазақстан (6,0%-дан), Абай (5,9%) және Ақтөбе (5,6%) облыстарында ел бойынша қалыптасқан деңгейден (ж/ж 5,4%) жоғары қымбаттады.

Азық-түлікке жатпайтын тауарлардың бағасы Түркістан (13,3%), Маңғыстау (13,0%), Солтүстік Қазақстан (9,7%), Батыс Қазақстан (8,9%), Шығыс Қазақстан (8,6%) облыстарында, Шымкент қаласында (8,5%), Абай облысында (8,4%), Астана қалаласында (8,3%), Ақмола және Атырау (8,1%-дан) облыстарында елдегіден (ж/ж 8,0%) жоғары өсті.

Ақылы көрсетілетін қызмет бағасы мына: Астана қаласында (16,2%), Абай (15,3%), Атырау (15,0%), Павлодар (14,7%), Батыс Қазақстан (14,5%), Қызылорда (14,4%), Ақмола (14,2%), Қарағанды (14,0%), Батыс Қазақстан (14,5%), Қызылорда (14,4%), Ақмола (14,2%), Қарағанды (14,0%), Солтүстік Қазақстан (13,5%), Ақтөбе және Жетісу (13,4%-дан) өңірлерінде жалпы республикалық деңгейден жоғары өсті.

1-кесте. Өңірлер бойынша ТБИ негізгі компоненттері, %-бен, ж/ж

Өңір	Азық-түлік инфляциясы	Азық-түлікке жатпайтын инфляция	Ақылы қызмет инфляциясы
Қазақстан Республикасы	5,4	8,0	13,3
Ақмола	6,3	8,1	14,2
Ақтөбе	5,6	7,3	13,4
Алматы	5,0	6,5	10,6
Атырау	6,0	8,1	15,0
Батыс Қазақстан	6,0	8,9	14,5
Жамбыл	4,0	6,2	12,3
Қарағанды	5,3	7,9	14,0
Қостанай	4,4	7,0	12,6
Қызылорда	4,5	8,0	14,4
Маңғыстау	6,4	13,0	10,3
Павлодар	5,0	5,1	14,7
Солтүстік Қазақстан	6,2	9,7	13,5
Түркістан	3,2	13,3	9,4
Шығыс Қазақстан	6,4	8,6	13,2
Астана қ.	3,7	8,3	16,2
Алматы қ.	7,4	6,3	12,9
Шымкент қ.	4,1	8,5	12,0
Абай	5,9	8,4	15,3
Жетісу	7,9	5,3	13,4
Ұлытау	3,7	7,8	11,2

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

2024 жылғы қарашада елде айлық инфляция 0,9% болды. Бұл бұрынғы орташа мәнненⁱ (2017-2021 жылдардағы қарашада 0,8%) жоғары. Айлық инфляцияның ең жоғары мәні Қарағанды облысында (1,5%) байқалды.

2-кесте. 2024 жылғы қарашадағы айлық инфляцияны 2017-2021 жылдар кезеңіндегі орташа мәнмен салыстыру, %-бен

Өңірлер	5 жылғы қарашадағы орташа мән	2024 жылғы қараша	Өңірлер	5 жылғы қарашадағы орташа мән	2024 жылғы қараша
Қазақстан Республикасы	0,8	0,9	Павлодар	1,0	1,0
Қарағанды	0,9	1,5	Астана қ.	1,1	1,0
Шымкент қ. ⁱⁱ	0,6	1,4	Ұлытау	-	1,0
Алматы	0,6	1,3	Жетісу	-	0,8
Ақтөбе	1,1	1,2	Атырау	0,6	0,7
Түркістан	0,8	1,2	Шығыс Қазақстан	0,9	0,7
Маңғыстау	0,7	1,1	Батыс Қазақстан	0,9	0,5
Солтүстік Қазақстан	0,8	1,1	Жамбыл	0,8	0,5
Абай	-	1,1	Қызылорда	0,8	0,5
Ақмола	1,0	1,0	Алматы қ.	0,7	0,4
Қостанай	0,9	1,0			

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, ҚРҰБ есебі

ⁱ Орташа тарихи мәндерді есептеу кезінде 2022 жылғы деректер есепке алынбайды, себебі бұл қомақты деректер.ⁱⁱ Шымкент қаласы бойынша соңғы 4 жылдағы (2018-2021 жж.) орташа мән